

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Заң институты
Криминалистика кафедрасы**

**Бекітемін
Академия бастығының
оқу ісі жөніндегі орынбасары
з.ғ.д., профессор,
полиция полковнигі
З.С. Тоқыбаев**

«__»_____2016 ж.

Пән бойынша жұмыс оқыту бағдарламасы (SYLLABUS)

**ZhTAZhTTE 3304 «Жеке тергеу әрекеттерін жүргізудің тактикасы мен
технологиясының ерекшеліктері» пәні бойынша**

5B030300 – Құқық қорғау қызметі мамандығы

оқыту нысаны: күндізгі
курс: 3
семестр: 5
кредит саны: 2 (90)
дәріс: 5 сағат
тәжірибелік сабақтар: 25 сағат
КООЖ: 15 сағат
КӨЖ: 45 сағат
Емтихан: 5 семестр

Қарағанды 2016

«Жеке тергеу әрекеттерін жүргізудің тактикасы мен технологиясының ерекшеліктері» пәні бойынша 5В030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған жұмыс оқыту бағдарламасы (SYLLABUS)

Құрастырғандар: Криминалистика кафедрасының бастығы,
полиция полковнигі, з.ғ.к., профессор А.О.Шакенов,
криминалистика кафедрасының аға оқытушысы,
полиция полковнигі Б.А. Аубакиров

Кафедра мәжілісінде қарастырылды
«__» _____ 2016 ж., № __ хаттама

Кафедра бастығы

А.О.Шакенов

ОӘК мәжілісінде бекітілген
«__» _____ 2016 ж., № __ хаттама

3.1 Негізгі ақпарат:

1. Шифр және мамандық атауы	5В030300 – Құқық қорғау қызметі мамандығы
2. Курс, семестр	3 курс, 5 семестр
3. Пән циклы	Жеке тергеу әрекеттерін жүргізудің тактикасы мен технологиясының ерекшеліктері
4. Кредит саны	2
5. Сабақ өткізу орны	Дәріс залы, 317,319,320,322,323 ауд.
6. Дәріскер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Кафедра аға оқытушылары: полиция полковнигі Телемисов Б.С., полиция полковнигі Аубакиров Б.А. Криминалистика кафедрасының мекен - жайы: Қазақстан Республикасы ІІМ Қарағанды академиясы, № 316,323 кабинет, тел. 331, 377, 30-33-88
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Кафедра профессоры, з.ғ.д., доцент Арыстанбеков М. А. Кафедра аға оқытушылары: полиция полковнигі Телемисов Б.С., полиция полковнигі Аубакиров Б.А. Кафедра оқытушылары: полиция майоры Боранкулов Н.Е., полиция майоры Айдарбек С.О., полиция капитаны Биржанов Б.К., Криминалистика кафедрасының мекен - жайы: Қазақстан Республикасы ІІМ Қарағанды академиясы, № 316,323 кабинет, тел. 331, 377, 30-33-88

3.2 Пререквизиттер: Аталмыш оқу бағамын бастамас бұрын білім алушылардың жалпы құқықтық және теориялық білімдері болу керек. Олар оны базалық заң пәндерін талдау барысында алады.

3.3 Постреквизиттер:

Осы бағамды оқып болған соң, төмендегілерді талдаудан өткізу қажет:

«Бөлек қылмыс түрлерін тергеп-тексерудің жеке криминалистикалық әдістемесі»;

«Қазақстан Республикасындағы қылмыспен күрестің қылмыстық-құқықтық мәселелері»;

«Қылмыспен күрестің криминологиялық мәселелері»;

«Қылмыспен күрестегі жедел іздестіру қызметінің негіздері».

3.4 Пәнді қысқаша сипаттау:

Пәнді оқытудың мақсаты – қылмыспен күресте білім алушылар криминалистиканың әдіс-тәсілдері мен ғылыми ұсыныстарын ұтымды пайдалану біліктілігін және тұрақты дағдыларын қалыптастыру. Аталмыш мақсатты іске асыруда насихаттық, әдістемелік және тәрбиелік міндеттер ерекше орын алады.

Оқу пәнінің мақсаты – қылмыспен күресте, қылмыстарды ашу, тергеп-тексеру барысында білім алушылар криминалистиканың әдіс-тәсілдері мен ғылыми ұсыныстарын ұтымды пайдалану, біліктілігін және тұрақты дағдыларын қалыптастыру. Аталмыш мақсатты іске асыруда насихаттық, әдістемелік және тәрбиелік міндеттер ерекше орын алады. Біліктілік деңгейінің жоғарылауымен теориялық білімдер жоғарылайды, біліктілік пен дағдысының деңгейі төмендемейді, бірақ оның құрамы қиындай түседі. Осы мақсатты қамтамасыз етуге дидактикалық, әдістемелік және тәрбиелеуші тапсырмалар жатады.

Насихаттық және әдістемелік міндеттер, олар:

Курсанттардың кәсіби криминастикалық тұрғыдан ойлау негіздерін қалыптастыру, яғни тергеп-тексерілетін оқиғаға кешенді зерттеу жүргізе отырып, оған криминастикалық сипаттама беру, іздер мен басқа да дәлелдемелік ақпарат түпнұсқалар жүйесін анықтау, тергеулік ситуацияны талдай отырып баға беру, болжам құрастыру, ұтымды тергеп-тексеру әдістемесін таңдау туралы тактикалық шешім қабылдау.

Қылмыс механизмі, қылмыскер тұлғасы, оның іс қимылдары, қылмыс жасауға итермелеген жағдайлардағы қылмыстық қастандық заты жайлы дәлелдемелік ақпараттарды табу, жинау, бекіту, алу, зерттеу және пайдалануда (соның ішінде криминастикалық сараптамаларда) техника-криминастикалық әдіс-тәсілдерді қолдану мүмкіндіктерін іс жүзінде меңгеру.

Курсанттардың жекелеген тергеу әрекеттері мен тактика-криминастикалық комбинацияларды іске асыруда қолданылатын тактика-криминастикалық тәсілдерге үйрету.

Криминастикалық білімді өз бетімен толықтыру шеберлігіне баулу. Өз бетінше оқу әдістемесінің негіздерін меңгеру, яғни криминастикалық әдебиеттермен және жаңа техникалық құралдармен жұмыс жасауға үйрету, қылмыспен күрестегі озық тәжірибені жандандыру.

Тәрбиелік міндеттер:

Қарастырылып отырған қылмыстарды тергеп-тексеру барысында адамгершілік және әлеуметтік әділдік, сондай-ақ заңдылық қағидаларын жете түсіну.

Қылмыстардың алдын алу, ашу және тергеп-тексеру тәжірибесінде криминастикалық әдіс-құралдардың алатын орнын ұғыну.

Өз кәсіби деңгейімен біліктілігін арттыру және өздігінен білім алу қажеттілігі бойынша әрбір курсантқа мән беру қажет.

Білім және түсіну:

«Жеке тергеу әрекеттерін жүргізудің тактикасы мен технологиясының ерекшеліктері» пәнін оқу нәтижесінде курсант осы оқу пәнінің тапсырмасын, қылмыспен күресу жүйесіндегі оның орнын, болашақ тәжірибелік жұмысында ұсыныстарын дұрыс қолдана білуі керек. Тактикалық тәсілдер, әдістер және техникалық құралдарды қолдану әдістемесін, жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу барысында дәлелдемелік ақпаратты жинау, қылмысты жоспарлау ерекшеліктерін курсант білуі тиіс. Тергеу әрекеттерін жүргізудің тәртібі, әдістемелік және ұйымдастырушылық ерекшеліктерінде криминалистика және қылмыстық процесс бойынша қосымша монографиялық әдебиетті, нақты заңдардың мазмұнын, заң әрекеттерінің жүргізілу тәртібін оқуға тиіс.

Білім мен түсіну қабілетін тәжірибеде қолдану:

Оқу барысында алынған теориялық білімді тәжірибеде қолдану. Жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу барысында және дайындық кезінде әдістемелік тәсілдерді дұрыс таңдау және қолдана білу.

Пікір жасау, ойды бағалау және қорытынды шығару мүмкіндігі.

Криминалистиканың өзге де мәселелеріне ғалымдардың ойын талдау, осы талдау негізінде өз ойларына дәлел келтіру.

Қарым-қатынас біліктілігі:

Аудитория ерекшеліктерін есепке ала отырып, ақпаратты, пікірді және криминалистика мәселелерін жеткізу және айқын көрсету.

Оқу қабілеттілігі:

Біліктілікті арттыру арқылы өзінің кәсіби деңгейінің жоғарылату қажеттілігін өзіндік түсіну. Өзін өзі жетілдіруде кәсіби дағдысы иемдену.

3.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Балл (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
	Практикалық сабақта ауызша жауап беру	Сабақтарының жоспарына сәйкес	Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Ағымдық бақылау	Тақырып бойынша ауызша жауап беру пайыздық мазмұны 30 балға дейін	Кестеге сай	Әр сабақта
	КОӨЖ сабақтарында ауызша жауап беру және баянда	КОӨЖ сабақтарының жоспарына сәйкес	Тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Қойылған сұрақтарды талқылау және ауызша сұрау	Тақырып бойынша ауызша жауап беру пайыздық мазмұны 10 балға дейін	Кестеге сай	Әр сабаққа
	Межелік бақылауға дайындық	Тест сұрақтары	Семестр бойынша дайындық	Тапсырмалардың орындалуын тексеру	10 балға дейін	Кестеге сай	Жоспар бойынша
	Емтихан	Білімді жалпылау тексеру	Пән тақырыбына сай	Тестілеу	50 балға дейін	Кестеге сай	Пән аяқталғанынан кейін

3.6. Курс саясаты

Курсанттың міндетті:

- аудиториялық сабақтардың барлық түрлеріне (дәрістер, тәжірибелік сабақтар, семинар сабақтары) және курсанттың оқытушымен өзіндік жұмысы бойынша сабақтарға (КОӨЖ) ұдайы қатысуға;

- курсант өзіндік жұмысты (КӨЖ) тапсырылған көлемде және ұсынылған оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттерді немесе оқу және интернет-сыныптардағы, кітапханалардағы басқа қайнар-көздерді пайдалана отырып, белгіленген мерзімдерде орындауға;

- тапсырылған көлемде орындалған жұмыстардың (КОӨЖ немесе КӨЖ) тапсыру графигін қатаң сақтауға;

- рейтингтік және қорытынды бақылауларда жеке қатысуға;

- жіберілген (қалған) сабақтар мен қанағаттандырылғысыз бағаларды өтеуге.

Курсанттардың білімдерінің шектік және қорытынды бақылауы бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес өткізіледі.

3.7 Ұсынылған әдебиеттер тізімі

№ р/н	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1.	Қазақстан Республикасының Конституциясы	1995 жылғы 30 тамыз. Алматы, «ЮРИСТ» баспасы (07.10.1998ж., 21.05.2007ж., 02.02.2011ж. өзгертулерімен және толықтыруларымен).
2.	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі	2014 жылғы 03 шілде. Алматы, «Норма-К» баспасы.
3.	Қазақстан Республикасының Қылмыстық–процестік кодексі	2014 жылғы 05 шілде. Алматы, «Норма-К» баспасы.
4.	Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары туралы Заңы	23 сәуір 2014 жыл. ҚР ӘМ «РҚАО» РМК «Заң» МБ.
2. Негізгі әдебиеттер		
5.	Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі. Шакенов А.О., Есболаев Ғ.М., Аубакиров Б.А Криминалистика. Оқу құралы	Қарағанды: ҚЭУ, 2012 196 бет.
6.	М.М.Оразалиев, С.Е.Еркінов, Ғ.М.Есболаев. Тергеушіге арналған анықтамалық кітап:	Оқу тәжірибелік құрал /– Алматы: Жеті Жарғы, 2009. – 336 бет
7.	Шакенов А.О. Криминалистика	2008 жыл Астана «ФОЛИАНТ»
8.	Справочная книга следователя: Учебно-практическое пособие / Под ред. Д.Т. Кенжеттаева.	Қарағанда: Карагандинская академия МВД РК им.Б.Бейсенова, 2015. – 379 с.
9.	Криминалистика: Учебник для вузов под ред. Р.С. Белкина 3-е изд., перераб. и доп.	М.:НОРМА, 2007-944с.
10.	Криминалистика: Учебник под ред. Н.П.Яблокова 3-е изд.,перераб. и доп.	М.:ЮРИСТ,2007.-781с.
11.	Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г. и др. Криминалистика.	Норма - 2007, 944 с.
12.	Аверьянова Т.В. Судебная экспертиза: Курс общей теории.	М.: Норма, 2006.
13.	Арыстанбеков М.А., Балгимбеков Д.У., Еленюк А.Г., Жакулин А. Б. Криминалистическая тактика: Курс лекций / Под общ. ред. д.ю.н., профессора Б.М. Нургалиева.	Қарагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова, 2011. - 185
14.	Криминалистическая тактика. Курс	Қараганда, 1999 г.

	лекций. Под ред. В. П. Лаврова, Б. М. Нурғалиева.	
15.	Аубакиров, А. Ф. Криминалистика: криминалистическая тактика: Учебник для вузов	Алматы: Глобус, 2003. - 432с.
16.	Криминалистика: Учебник / Отв. ред. Б. М. Нурғалиев.	Караганда: БОЛАШАК-БАСПА, 2009. -813с.
17.	Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі. Шакенов А.О., Есболаев Ғ.М., Аубакиров Б.А Криминалистика. Оқу құралы. –	Қарағанды: ҚЭУ, 2012 196 бет.
18.	Криминалистика (конспект лекций в схемах).	«Издательство ПРИОР», 2000. – 144 с.
19.	Справочная книга следователя: Учебно-практическое пособие / Под ред.Д.Т. Кенжетаяева.	Караганда: Карагандинская академия МВД РК им.Б. Бейсенова, 2015. – 379 с.
20.	Криминалистика. Учебник. Под ред. профессора Н. П. Яблокова. 2-издание переработанное и дополненное.	М., ЮРИСТЪ 2000 г. – 718 с.
21.	Криминалистика: Учебник / Отв. ред. Б. М. Нурғалиев.	Караганда: Болашак-Баспа, 2009. – 813 с.
22.	Алесковский, С. Ю. Нетрадиционная криминалистика: Учебное пособие / С.Ю. Алесковский, А.Ф. Аубакиров.	Алматы: 2003.-210с.
23.	Гинзбург А.Л., Поврезнюк Г.И., Салаев Б.А. Криминалистические методы и средства отождествления личности.	Алматы, 1998 г.
24.	А.Ф.Аубакиров, С.Коваленко Криминалистическая цифровая фотография.	Алматы, 2001 г.
25.	Белкин Р.С. Криминалистика: проблемы, тенденции, перспективы. От теории к практике.	М.: Юрид. лит., 1988. – 304с.
26.	Белкин Р.С. Криминалистическая энциклопедия.	2-е изд. доп. – М.: Мегатрон ХХ1, 2000. – 334с.
27.	Белкин Р.С. Криминалистический букварь.	М.: Юристъ, 1997. – 112с.
28.	Бедрин В.С. Компьютерные технологии в организации профессиональной деятельности эксперта-криминалиста.	Волгогр. акад. - Волгоград: ВА МВД России, 2004. - 20 с.
29.	Бондаренко А.А. Современные технологии фиксации следов на месте совершения дорожно-транспортного происшествия.	Всероссийская науч.-практ. конф. "Современные проблемы борьбы с преступностью": сб. материалов (юрид. науки). – Воронеж: Изд-во Воронеж. ин-та МВД России, 2005. - С. 10-11.
30.	В.Д. Ларичев, Б.С. Болотский, А.Р. Гильмутдинов и другие. «Фальшивые деньги».	М. – 2002 г.
31.	Шарипов С.Р., Жунусова А.Ж. Криминалистика: справочное пособие по	Карагандинская академия МВД РК им.Б.Бейсенова,2014.-137с.

	криминалистической технике.	
32.	Шакенов А.О., Шарипов С.Р., Еленюк А.Г., Жунусова А.Ж. Справочник следователя.	Караганда, 2015. — 379 с.
33.	Под ред. А. Г. Филиппова Криминалистика: Учебник	ВЫСШЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ, - М. 2008. -441с.
34.	Под ред. Р. С. Белкина. Криминалистика: Учебник для вузов	2-е изд., перераб. и доп. - М.: НОРМА, 2006. -992с.
35.	Балашов, Д. Н. Криминалистика: Учебник	М.: БЕК, 1996. - 708с.
36.	Под ред. А. Ф. Вольнского. Криминалистика: Учебник	М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2002. -615с.
3. Қосымша әдебиеттер		
37.	Алесковский С. Ю. Нетрадиционная криминалистика: Учебное пособие / С. Ю. Алесковский, А. Ф. Аубакиров	Алматы: ИЗД-ВО АЮ-ВШП ЭДІЛЕТ 2003. - 210с.
38.	Гусаков А.Н., Филлющенко А.А. следственная тактика (в вопросах и ответах) Учебное пособие.	Свердловск, 1991 г.
39.	Бедняков Д.И. Не процессуальная информация и расследование преступлений.	М., 1991 г.
40.	Бахин В.П. Тактика использования видеозаписи в раскрытии преступлений ОВД.	Киев, 1990 г.
41.	Бандура О.А., Лукашевич В.Г. Криминалистические версии: гносеологические, логические и психологические аспекта. Учебное пособие.	Киев, 1991 г.
42.	Версии и планирование расследования. Межвуз. Сб. науч. тр	Свердловск, 1985 г.
43.	Вечерин Э.П., Губаков В.В., Петрушев В.П. Следственные и оперативно-розыскные версии по раскрытию краж из квартир.	М., 1991 г.
44.	Кулагин Н.И. Планирование расследования сложных многоэпизодных дел. Учебное пособие.	Волгоград, 1976 г.
45.	Селиванов Н.А., Видонов Л.Г. Типовые версии по делам об убийствах. Справочное пособие.	М., 1989 г.
46.	Хван В.А. Планирование расследования преступлений. Учебное пособие.	Алматы, 1956 г.
47.	Касымбеков, К. Т. Научные основы криминалистической версии и их значение в планировании расследования преступлений: Магистерская диссертация / К. Т. Касымбеков.	Караганда, 2006.
48.	Виницкий Л.В. Осмотр места	Караганда, 1986 г.

	происшествия: организационные, процессуальные и тактические вопросы. учебное пособие.	
49.	Лемасов А.И., Порошин Г.Н., Ченцов Ю.Н. криминалистические методы обнаружения фиксации и изъятия микро следов на месте происшествия. Учебное пособие.	М., 1990 г.
50.	Нургалиев Б.М. Особенности осмотра места происшествия и возможности судебной экспертизы по делам о столкновении транспортных средств. Учебное пособие.	Караганда, 1993 г.
51.	Федоров Ю.Д. Логические аспекты осмотра места происшествия.	Ташкент, 1987 г.
52.	Фиксация результатов осмотра места происшествия: Справочное пособие для следователя	Киев, 1981 г.
53.	Мерецкий, Н. Е. Тактические приемы осмотра трупа на месте его обнаружения: Учебное пособие	М.: Изд. дом РАО, 2004.
54.	Настольная книга следователя: Тактические приемы проведения осмотра места происшествия и допросов при расследовании преступлений различной категории / Под ред. А. И. Дворкина: Научно-методическое пособие.	М.: ЭКЗАМЕН, 2006.
55.	Шамонова, Т. Н. Осмотр места обнаружения признаков убийств: Учебное пособие	М.: ЩИТ-М, 2008
56.	Богинский В.Е. Рефлексивное управление при допросе. учебное пособие	Харьков, 1983 г
57.	Бахарев И.В. очная ставка: уголовно-процессуальные и криминалистические вопросы.	Казань, 1983 г.
58.	Бахин В.П., Когамов М.Ч., Карпов Н.С. Допрос на предварительном следствии: уголовно-процессуальные и криминалистические вопросы.	Алматы, 1999 г.
59.	Быховский Н.Е., Глазырин Ф.В., Питерцев С. Допустимость тактических приемов при допросе. учебное пособие.	ВСШ МВД СССР, 1989.
60.	Кулагин Н.Н., Порубов Н.И.	Учебное пособие, Минск, 1977 г.
61.	Зорин, Г. А. Руководство по тактике допроса: Учебно-практическое пособие / Г. А. Зорин.	М.: Изд-во Юрлитинформ, 2001.
62.	Минжанов, Н. Н. Тактические особенности допроса при расследовании преступлений, совершаемых организованной группой: Диссертация на соиск. учен. степ. канд. юрид. наук	Караганда, 2008.
63.	Настольная книга следователя: Такти-	М.: ЭКЗАМЕН, 2006.

	ческие приемы проведения осмотра места происшествия и допросов при расследовании преступлений различной категории	
64.	Гапанович Н.Н. Оpozнание в следственной и судебной практике.	Минск, 1978 г.
65.	Гинзбург А.Я. Оpozнание в следственной, оперативно-розыскной и экспертной практике. Учебно-практическое пособие.	Учебно-практическое пособие. М., 1996 г.
66.	Петренко В.М. Предъявление для опознания при расследовании преступлений.	М., 1075 г.
67.	Лошкевич А.А. и др. Предъявление фонограммы устной речи для опознания. Под общ. ред. В.А. Снеткова.	М., 1978 г.
68.	Коновалов Е.П. Тактика предъявления для опознания.	Киев, 1963 г.
69.	Гинзбург, А. Я. Предъявление для опознания в уголовном судопроизводстве Казахстана: Учебное пособие / А. Я. Гинзбург.	Алматы: Жеті жарғы, 2003.
70.	Закатов А.А., Ямпольский А.Е. Обыск. Учебное пособие.	1983 г.
71.	Кузнецов А.А. Тактика обыска в жилых помещениях.	Омск, 1997 г.
72.	Ратинов А.Р. Обыск и выемка.	М., 1961 г.
73.	Авсюк А.А. Процессуальные и тактические особенности проведения проверки показаний на месте. Лекция.	Минск, 1990 г.
74.	Соя Серко Л.А. Проверка показаний на месте. Методическое пособие.	М., 1966 г.
75.	Гинзбург, А. Я. Криминалистические основы следственных действий: По Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан: Учебное пособие	Алматы: Данекер, 2002.
76.	Янушко В.И. Тактика задержания подозреваемых.	Киев, 1977 г.
77.	Бахин, В.П. Полицейский допрос: советы допрашивающему: Учебно-практическое пособие	Алматы: Баспа, 1997. -34с
78.	Гралетвич Г.Н. Тактика использования специальных знаний в раскрытии и расследовании преступлений.	Учебное пособие. Минск, 1987 г.
79.	Гавло, В.К. Судебно-следственные ситуации: психолого-криминалистические аспекты: Монография	Барнаул:Изд-во Алт.ун-та, 2006.
80.	Гинзбург, А. Я. Криминалистические основы следственных действий: По Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан: Учебное пособие	Алматы: Данекер, 2002.

4. Ғаламтор көзі	
1	http://adilet.zan.kz/rus Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми Web-сайты
2	http://web.kzi.kz/index.php/ru/ob-akademii Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ресми Web-сайты
3	www.mvd.kz – Қазақстан Республикасының ІІМ ресми Web-сайты
4	http://prokuror.kz - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының ресми Web-сайты
5	http://pravstat.prokuror.kz/ - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ресми Web-сайты
6	www.zakon.kz - Қазақстан Республикасының заңнамаларының Web-сайты

3.8. «Жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізудің тактикасы мен технологиялық ерекшеліктері» пән бойынша сабақ жүргізудің тақырыптық жоспары

Кредит саны - 2 (90 сағат)

№ п/п	Тақырып саны	Тақырып атауы	кредит саны (сағаттар)	Аудиториялық сағаттар			КООЖ	КӨЖ
				Дәрістер	семинарлық сабақтар	Тәжібелік сабақтар		
1	1	Криминалистикалық тактиканың жалпы ережелері.	5	1		1	1	2
2	2	Криминалистикалық болжамдар мен тергеп-тексеруді жоспарлау.	7			2	1	4
3	3	Қарап-тексеру және куәландыру тактикасы.	23	1		1+2+2+2+1	4	10
4	4	Жауап алу және беттестіру тактикасы.	14	1		2+2	3	6
5	5	Тану үшін көрсету тактикасы.	12	1		1+2	2	6
6	6	Тінту және алу тактикасы	12	1		1+2	2	6
7	7	Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау тактикасы.	9			2	1	6
8	8	Тергеу экспериментінің тактикасы	8			2	1	5
Барлығы			90	5		25	15	45

Ескерту: оқу материалын терең игеру мақсатында практикалық сабақтарды күніне 2 сағаттан жоспарлау.

3.9. Сабақтар жоспары

Дәріс сабақтары

Тақырып №1.

Криминалистикалық тактиканың жалпы ережелері

(1 сағат)

Дәріс жоспары:

1. Криминалистикалық тактиканың түсінігі, мазмұны мен міндеттері.
2. Криминалистикалық тактика негізі - тактикалық тәсілдер.
3. Тактикалық нұсқаулар, тактикалық операция (комбинация) Жедел-тактикалық комбинация.

Дәріс тезісі

Ғылыми ережелер жүйесіне негізделі отырып жасалған сотқа дейінгі тергеп тексеру мен соттық тергеуді ұйымдастыру және жоспарлау талаптарын, соттық зерттеулер жүргізетін адамдардың мінез-құлқын, және процессуалды іс-әрекеттерді (біріншіден, тергеулік) жүргізу тәсілдерін көрсететін криминалистика ғылымының бір тарауы криминалистикалық тактика болып табылады.

Криминалистикалық тактика — бұл ғылыми ережелердің және олардың негізінде қылмысты жасауға және жасыруға мүмкіндік туғызған шарттар мен себептерді анықтау үшін дәлелдемелерді табу мен зерттеуге бағытталған, сотқа дейінгі тергеп тексеру мен сот тергеуін жоспарлау мен ұйымдастыруға, нақты тергеп тексеру және сот әрекеттерінің әдістеріне, дәлелдеуді жүзеге асырушы тұлғалардың жүріс-тұрыс бағытын анықтауға қатысты жетілдіріліп жатқан ұсыныс пен кеңестердің жүйесі болып табылады.

Криминалистикалық тактика екі тарапты зеріттейді, яғни криминалистикалық ақпараттарды жинау және зерттеуші тұлғаның кәсіби қызыметін деңгейі (тергеуші, прокурор, анықтау органы, маман, эксперт т.б.), ал екінші жағынан осы криминалистикалық ақпараттың құрылуына себепші тұлғалардың (күдікті, куә, жәбірленуші, куәгер) іс әрекеттеріне бағытталған.

Криминалистикалық тактика жүйесін шартты түрде жалпы (жалпы қағидалар) және ерекше бөлім шенберінде қарастыруға болады. Жалпы бөлімде криминалистикалық тактиканың түсінігі, мәні және мазмұны, оның түпнұсқалары, сондай-ақ криминалистиканың басқа тараулары және өз алдына бөлек ғылым салаларымен байланысы қарастырылады. Сонымен қатар криминалистикалық тактиканың негізгі санаттары болып мыналар талданады:

тактикалық тәсіл; тергеу (процессуалдық) әрекеттерінің тактикасы; тактикалық нұсқау; тактикалық шешім; тергеулік жағдайлар (ахуалдар,

ситуациялар) мен тактикалық комбинация; криминалистикалық болжам мен қылмыстарды тергеп тексеруді жоспарлау; қылмыстарды ашу мен тергеп-тексерудегі өзара әрекеттестік.

Криминалистикалық тактиканың ерекше бөлімі әрбір тергеулік және соттық әрекеттер тактикасын (тергеулік қарап-тексеру, жауап алу, тінту, тергеу эксперименті және тағы басқаларын) оқып-үйретуге арналған.

Тактикалық тәсіл деп тергеп-тексеруді жүргізетін тұлғаның нақтылы жағдайға байланысты ең ұтымды және тиімді әрекеттерін айтады. Тактикалық тәсілге мысал ретінде тергеп тексеруді ұйымдастыру және жоспарлау, сондай-ақ бөлек тергеу әрекеттерін жүргізу тактикасын атап өтуге болады

Тактикалық тәсіл жіктемесі (классификациясы):

1) қолдану мөлшері бойынша:

- нақтылы тергеу әрекетін жүргізуге бағытталған (мысалы, жауап алу, тергеулік қарап-тексерудың тактикалық тәсілі);
- тергеу әрекетінің бөлек кезеңіне қатысты (мысалы, тергеу экспериментіне, жауап алуға дайындық жұмыстарының тактикалық тәсілдері);

2) құқықтық рәсімделу көзқарасына сай:

- қылмыстық іс жүргізу заңымен тікелей айқындалған (мысалы, тану жүргізудің алдында тергеуші танылуға тиіс адамға өзге адамдардың арасында кез келген орынды таңдап алу мүмкіндігі ұысынылады; жауап алу орнын таңдау мүмкіндігі);
- қылмыстық іс жүргізу заңымен айқындалмаған (мысалы, бөлмеде тінту жасау барысында тінтіліп жатқан тұлға қимылына бақылау жүргізу).

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 5, 6, 8, 9, 11, 12, 16, 13, 29 (3.7 бөлімін қараңыз)

Тақырып № 3.

Қарап-тексеру және куәландыру тактикасы

(1 сағат)

Дәріс жоспары:

1. Тергеулік қарап-тексерудің түсінігі, мәні және мақсаттары.
2. Оқиға болған жерді қарап-тексерудің ерекшеліктері .
3. Нәрселерді, құжаттарды, мәйіттерді және көлік құралдарын қарап-тексерудің ерекшеліктері.
4. Куәландыру.

Дәріс тезісі

Тергеулік қарап-тексеру — ол қылмыстық іс бойынша тергеп-тексеру жүргізуде маңызы бар объектілерді олардың белгілерінің, қасиеттерінің, жағдайының, өзара орналасуын тергеуші тікелей көру, бекіту және зерттеуімен айқындалатын процессуалдық іс-әрекет.

Тергеулік қарап-тексеру объектілері ретінде оқиға болған жер және оқиға болған орынға жатпайтын аула мен бөлмелер, сондай-ақ бөлек нәрселер,

құжаттар, адамдар, мәйіттер және жануарлар жүреді. Тергеулік қарап-тексерудің мағынасы өте зор, оның себебі қылмыстың жасалу жағдайын көрсететін көптеген қажетті іздердің бөлігі осы әрекетті жүргізу барысында табылады және зерттеледі.

Қарап-тексерудің тергеп тексеру барысындағы маңызы өте зор. Қарап-тексеру барысында қылмыс және қылмыскердің тергеп тексеруге қажет іздері мен басқа да заттай дәлелдемелердің елеулі бөлігі табылып-зерттеледі. Қарап-тексеру нәтижелері, әсіресе оқиға болған жерді қарап-тексеру тергеп тексеру бағытын, қылмыс механизмін және қылмыскердің жеке басын анықтауда көп көмек көрсетеді.

Нәрселерді қарап-тексеру. Заңға сәйкес оқиға болған жерден, аула және бөлмелерден, сондай-ақ тінту барысында табылған заттар осы тергеу әрекеттерін жүргізу орнында қарап-тексереді. Қарап-тексеру нәтижелері хаттамаға енгізіледі. Нәрселерді қарап-тексеру олардың жағдайын, мақсатын, атауын және пайдалану ережелерін айқындау мақсатында жалпы түрін зерттеуден басталады. Осыдан кейін заттың жеке даралық белгілері, ақаулары мен ерекшеліктері, сондай-ақ нақтылы тұлғаныкі екеніне сілтейтінділігі айқындалып жатады, сонымен қатар заттың тергеу оқиғасымен байланысы және пайдалану жиілігі анықталады.

Нәрселерді қарап-тексеру олардың сараптамалық зерттеуін ауыстыра алмайды. Нәрселерді қарап-тексеру барысында тергеуші кейін сараптамалық зерттеу объектілері болуы мүмкін іздер мен белгілерді табуға ерекше көңіл бөлгені жөн және заттармен жұмыс жасауда қолданылатын криминалистикалық ережелерді ескере отырып, олардың сақталуын қамтамасыз етуі қажет.

Құжаттарды қарап-тексеру. Құжаттармен расталған немесе олардың ішінде орын алған іс үшін маңызы бар жағдаяттар және деректерді анықтау мақсатында құжаттарды қарап-тексеру әрекеті жүргізіледі. Сонымен қатар осындай іс-қимылдар нәтижесінде құжаттарға заттық дәлелдеме мағынасын беретін белгілер айқындалады және бекітіледі.

Құжатты қарап-тнесеру барысында тергеуші оның сыртқы түрі мен деректемесін (реквизит), кімде және қай жерде сақталған, сондай-ақ шығу тегін анықтайды.

Құжат мазмұнын, нысанын, материалын және деректемесін (мөр мен мөртабан көшірмелері, қойылған қол және т. б.) зерттеу арқылы тергеуші қолданыстағы құралдар көмегімен заттық дәлелдеме ретіндегі құжатты қарап-тексеру кезінде оның дұрыстығы туралы мәселені шешеді. Жасандылық белгілерін анықтау үшін қарап-тексерудің арнайы тәсілдері қолданылады - әртүрлі жарық көздерін түсіру, үлкейткіш шыны және т. б. Қажет болса, қарап-тексерудің тиімділігін арттыру мақсатында тергеуші маман көмегін пайдалана алады. Құжат толығымен жасанды немесе оның жартылай жасандылығына (уландыру, тазарту, қосып жазу және т. б.) сілтейтін барлық белгілер тыңғылықты түрде қарап-тексеру хаттамасында бекітіледі.

Адам мәйітін табылған жерде сыртынан алғашқы қарап-тексеру

Адам мәйітін табылған жерде сыртынан қарап-тексеру оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында жүргізілуі мүмкін. Жағымсыз жағдайларда (мысалы, ауа райына байланысты) мәйіт морг ішінде қарап-тексеруі мүмкін.

Адам мәйітін ол табылған жерде сыртынан қарап-тексеру тексерудің жалпы ережелерін сақтай отырып және сот медицинасы саласындағы маман дәрігердің, ал оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда — өзге дәрігердің міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі. Мәйітті қарап-тексеру үшін басқа да мамандар тартылуы мүмкін.

Мәйітті қарап-тексерудің жұмыстық кезеңін шартты түрде жалпы және егжей-тегжейлі екі сатыға бөлуге болады.

Мәйітті қарап-тексерудің жалпы сатысында зерттелетіндер:

1. Мәйіт қалпы (поза) және оның оқиға болған жерде орналасуы. Мәйітті жалпы қарап-тексеруден өткізу оның табылған жерін бекітуден басталады, мәйіт қалпын, жағдайын және жалпы түрін, яғни оның мүшелерінің өзара орналасуын анықтау. Мәйіт жағдайы мен қалпы қылмыс механизмі жайлы болжам құруға мүмкіндік береді.

2. Мәйіт үстіндегі киім-кешектің сыртқы түрі қылмыс механизмін анықтауда өз көмегін көрсетеді. Зорлау, кейіннен өлімге душар ету істері бойынша жәбірленуші үстіндегі киім-кешектің сыртқы түрінің елеулі дәлелдемелік маңыздылығы бар екендігі бәрімізге мәлім. Осылайша, өзін-өзі өлтіру істері бойынша мәйіт киімінің қалпы өзіне қол салу тәсіліне сәйкес болу керек.

3. Мәйіт үстінде табылған өлтіру қаруы, құралы тікелей оның үстінде болғанда ғана қаралады, мысалы мойнындағы тұзақ. Өлімге душар еткен құрал механикалық түрде мәйітпен жалғанып тұрса (мәйіт мойнындағы жіп, кеуде де, арқадағы қанжар және т. б.), онда ол құралдың қалпы мен орналасуын өзгертпеу мақсатында шешіндіріп, киімді қарап-тексеруге дейін қарап-тексеруден өткізіледі.

4. Дене жарақаттарының жалпы сипаты, олардың дененің көрінетін жерлерінде шоғырлануы. Мәйіт денесі мақсатқа сай ретпен мүше-мүше бойынша қарап-тексеріледі. Жынысы, жасы, бойы, шаштың түсі, өлгеннің көз жанары, жарақаттар мен мәйіттік құбылыстардың шоғырлану деңгейі мен сипаты (олардың пайда болуы мәйіттің сот-медициналық сараптамасы көмегімен анықталады), тіс аппаратының жағдайы, бөлінділердің болуы айқындалады.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі:
2,7,10,11,15,16,27,44,45,46,47,48,49,50,59 (3.7 бөлімін қараңыз)

Тақырып № 4.

Жауап алу және беттестірудің тактикасы (1 сағат)

Дәріс жоспары:

1. Жауап алудың және беттестірудің түсінігі мен мәні.
2. Жауап алудың және беттестірудің тактикалық тәсілдері.
3. Жәбірленушіден және куәдан жауап алу тактикасы.
4. Күдіктіден жауап алудың тактикалық ерекшеліктері.

Дәріс тезісі

Жауап алу дегеніміз істің дұрыс шешілуінде маңызы бар жағдайлар туралы көрсетулерді заңмен рәсімделген тәртіп бойынша жауап берушіден алуға бағытталған процессуалдық әрекет.

Жауап алудың негізгі бес сатысы: дайындық, алдын-ала, еркін әңгімесі (баяндауы), сұрақ-жауап және қортынды.

Жауап алу тергеу әрекеті барысында Сұлба, сызбалар, суреттер, диаграммалар дайындалады және бұның бірі хаттамада көрсетіледі.

Күдіктіден жауап алу тактикасының ерекшеліктері

Күдіктіден жауап алу тактикасының кейбір ерекшеліктері. Мұндай ерекшеліктер күдіктінің жеке басы туралы мәліметтердің тергеуші қарамағында аз мөлшерде болуымен түсіндіріледі. Сонымен қатар күдіктіден жауап алу кезінде тергеуші қолындағы дәлелдемелер мөлшері өте аз болып келеді.

Күдіктінің еркін баяндауына «тағылған кінәні мойындайсың ба» деген тергеуші сұрағы себеп болады. Өзін-өзі кінәләу немесе қылмысқа қатысушылар кінәсін жасыру, не керісінше оларды асыра айыптау жағдайларын есептемегенде, өз кінәсін мойындаған күдіктіден жауап алу жанжалсыз өтеді. Мойындамау немесе кінәсін жартылай мойындаған күдіктіден жауап алудың жанжалдық сипаты болуы мүмкін.

Қылмыс жағдайларына күдіктімен баяндау реті:

- хронологиялық — қылмысқа итермелеген жағдайлардан қылмыстық нәтижеге дейін болуы мүмкін;
- логикалық — қандай да бір әрекеттердің жасалу себептерінен фактілер немесе эпизодтар бойынша олардың салдарына дейін болуы мүмкін;
- тактикалық — тергеушінің ойынша тактикалық тұрғыдан басында жауап беру фактісінен болуы мүмкін.

Күдіктіден айғақ беруден бас тарту әрекеттерін жеңіп шығуға қатысты тактикалық әрекеттер:

- күдіктінің теріс көзқарас алып отырғандығына көзін жеткізу;
- күдіктімен бірге қатысқандардың айғақ беру фактісін пайдалану;
- қылмысын әшкерелейтін бірге қатысқандардың айғағы, дәлелдемелерді ұсыну арқылы айғақ беруге ниеттендіру;
- бірге қатысушылар арасындағы қарама-қайшылықтарды пайдалану.

Беттестірудегі жауап алу тактикасының ерекшеліктері

Беттестіру – жауап алу барысында бір оқиға бойынша екі адамның жауабы әртүрлі болған жағдайда оларды бір-бірімен кездестіріп, жүздестіріп жауап алу. Осындай жағдайларға байланысты оларды беттестіру әрекеттерін жүргізіп арасындағы қайшылықтарды жою үшін екеуінің қатысуымен бір мезгілде және қайтадан жауап алу жүзеге асырылады. Сондықтан беттестіру

бұрын жауап алынған адамдардан және әртүрлі, қарама-қайшы көзқарастағылар арасында жүргізіледі. Бұл өте күрделі тергеу әрекеті болғандықтан оған мұқият дайындалып, тергеу барысында тәсілдік әдістерді пайдалана отырып, заңда көрсетілген тергеуді жүргізу тәртібі қатаң сақталуы тиіс.

Беттестіруді жүргізуге дайындыққа енетін элементтер:

- оны жүргізу мезеті;
- беттестіруге қатысушылар қарым-қатынастарын зерттеу;
- беттестірудің затын анықтау;
- жауап алынатындарға сұрақтар құрастыру және оларды қою ретін дәлдеу;
- дәлелдемелер және басқа да материалдарды дайындау.

Беттестіру жүргізудің ретіне келетін болсақ, алдымен айғақтардың шыншылдығына беттестіруге қатысушылардың қарым-қатынасы қаншалықты әсер ететіндігін бағалау үшін, тергеуші қатысушылар бір-бірін біле ме және қандай қарым-қатынаста екендігін анықтап алады; сонан соң даулы мәселелердің мәніне қатысты әрбір қатысушыға рет-ретімен айғақтар беру ұсынылады. Тергеушінің рұқсаты бойынша жауап алынатын адамдар бір-біріне сұрақтар қою мүмкін.

Қалыптасқан тәжірибеге сәйкес, көрсетуді бірінші тергеушінің ойынша шындықты айтып отырған береді. Мұндай тәсілдің пайдасы — бірінші жауап берушіні екінші жауап берушінің ықпалына түсірмеу мүмкіндігі бар.

Беттестіруде жалған жауап көрсетуші кейде өзінен бірінші жауап алуды талап етуі мүмкін. Мұндай қимылдардың қозғамдары әртүрлі болуы ықтимал, бірақта тәжірибеге жүгінсек, шын мәнінде жалған жауап көрсетуші беттестіруге қатысушы екінші адамға өз көрсетулерін өзгертуге итермелеу болып келеді. Беттестірудің екінші қатысушысы қыспалыққа, біреудің жалған көзқарасына тойтарыс бере алатындығына тергеушінің көзі жеткенде ғана, ол мұндай өтінішті қанағаттандыра алады. Мұндай бекемділік арам ниеттегі қатысушыға психологиялық тұрғыдан әсер етіп, оны шынайы көрсетулерге сезімін оятуы мүмкін.

Аталмыш жауап алу әртүрлі психологиялық комбинацияларды іске асыруға мүмкіндік береді, мәселен, бір тергеуші біле тұра жауап алу жағдайын шиеленістіре жауап беруші тарапынан өзіне жек көрушілік көзқарас тудырса, ал екінші тергеуші (дер кезінде біріншімен келіспеген болып) шиеленіскен жағдайды тарқата отырып, жауап берушімен байланыс орнатады және оны шынайы көрсетулерге баулиды.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі:
2,5,7,9,11,12,15,16,52,53,54,55,57,58,73 (3.7 бөлімін қараңыз)

Тақырып № 4.

Тану үшін ұсынудың тактикасы

(1 сағат)

Дәріс жоспары:

1. Тану үшін ұсынудың түсінігі, түрлері мен міндеттері.
2. Тану үшін ұсынудың дайындық кезеңі.
3. Киімдер мен нәрселерді тану үшін ұсыну ережесі

Дәріс тезісі

Тану үшін ұсыну дегеніміз жәбірленушіге, куәға, күдікті адамға белгілі бір объектіні көрсету арқылы, осы объектіні оның бұрын көрген не көрмегенін анықтап, егер көрген болса қашан және қандай жағдайда көргенін, оны нақты қандай белгілері бойынша танытындығын айырып, шешу үшін жүргізілетін заңда көрсетілген тергеу әрекеті.

Тануға көрсетілген объектілер қатарына жататындар: адамдар, мәйіттер, нәрсе, зат, бұйым, мал, кей жағдайда пәтер, бөлме, не жеке бір жер де көрсетілуі мүмкін. Жоғарыда аталған нәрселерді, мәйіттерді және басқа да объектілерді немесе олардың фотосуреттерінің теңдігін анықтау мақсатында заңда көрсетілген тәртіппен танушыға ұсыну осы тергеу әрекетінің мәні болып саналады.

Тануға ұсыну барысында келесідей негізгі міндеттер анықталады:

- объект тергеп тексеріліп жатқан қылмысқа қатыстылығы бар жоғы тексеріледі;

- тергеушінің қарамағына келіп түскен объект не болып табылатындығы анықтау егер ол объектіні басқадай анықтау мүмкін болмаса;

- жауап алу барысында күмән тундаған болса онда жауап тексеріледі.

Аталмыш тергеу әрекетінің негізінде танушының бұрын бақылағанда ойында қалып қойған объектісін басқа объектілер қатарында ұсынғанда оны ойша салыстыру арқылы көрсететін психологиялық процесс жатыр. Мұндай салыстыру нәтижесі ретінде олардың теңдігі, ұқсастығы немесе айырмашылығы туралы қорытындысы жүреді.

Адамдарды тану үшін көрсету мынадай жағдайларда мүмкін: танушы танылуға ұсынылған адамды бұрын білмеген, бірақ нақтылы бір жағдайларға қатысты оның сырт келбетінің белгілерін есіне сақтап қалғанда; танушы танылатын адаммен таныс, бірақ оның аты-жөнін айта алмайды немесе қате атап тұрғанда; танушы танылатын адаммен таныс, оның аты-жөнін дұрыс айтып тұр, бірақ бұл фактіні танылатын адам жоққа шығарған жағдайда;

Қарастырылып отырған тергеу әрекетін жүргізу барысында бірқатар талаптарды сақтаған дұрыс болады. Мысалы, танушының тану үшін көрсетуге қатысушыларды абайсызда болсын көріп қалу мүмкіндігі болмау керек. Егерде бірнеше адамдарды тану үшін ұсыну қажеттілігі туындаса, онда тану үшін көрсету олардың әрқайсысымен бөлек жүргізіледі.

Тану үшін көрсетуді жүргізу әрекетін бастамас бұрын, тергеуші барлық қатысушыларды тергеу әрекетінің мақсаты және ретімен, олардың құқықтары және міндеттерімен таныстырып өту керек.

Адамдарды тану үшін көрсету реті: куәларды шақыру; арасында танылатын адам бар тұлғаларды шақыру; танылуға жататын адамды шақыру, бірге ұсынылған адамдар арасынан орын таңдауды ұсыну; танушыны шақыру,

